

## Сырдария ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесін бекіту туралы

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 366 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 қаңтарда № 5306 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі бақару туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 12-3) тармақшасына сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса берілген Сырдария ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезекті  
XLVIII сессиясының төрағасы:  
Ш. Ерімбетов \_\_\_\_\_

Аудандық мәслихаттың  
хатшысы:  
Б. Маншарипов \_\_\_\_\_

2015 жылғы 22 желтоқсандағы  
Сырдария аудандық мәслихатының  
№ 366 шешімімен бекітілген

## Сырдария ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже

### 1. Жалпы ереже

1. Сырдария ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы осы Ереже " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленді және Сырдария ауданының Құрмет грамотасымен наградтау тәртібін анықтайды.

### 2. Құрмет грамотасымен наградтау бойынша талаптар

2. Сырдария ауданының Құрмет грамотасымен (әрі қарай – Құрмет грамотасы) экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылым мен мәдениеттегі, білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау және заңдылықты нығайту, қызмет көрсету салаларындағы, жастарға тәрбие беру жұмыстарындағы, дене шынықтыру мен спорттағы, әскери және қоғамдық, мемлекеттік және өзін-өзі басқару қызметтерін дамытудағы елеулі жетістіктері, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты және мәдени

байланысты нығайтудағы табысты жұмыстары, қайырымдылық қызметі және белсенді еңбегі мен қоғамдық-саяси қызметі үшін және өзге де сіңірген еңбектерін ардақтау белгісі ретінде аудан азаматтары, сондай-ақ шетел азаматтары наградталуы мүмкін.

### 3. Құрмет грамотасы:

1) үміткерді ұсыну сәтінде заңнамамен белгіленген тәртіпте соттылық мерзімі өтелмеген немесе алынбаған;

2) сот арқылы іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық іс-әрекеттері үшін жауапкершілікке тартылған;

4) үміткерді ұсыну сәтінде заңнамамен белгіленген тәртіпте әкімшілік жазасы өтелмеген немесе алынбаған азаматтар наградталмайды.

4. Құрмет грамотасымен қайта наградтау жүргізілмейді.

### 3. Құрмет грамотасымен наградтау тәртібі

5. Құрмет грамотасымен наградтау туралы ұсыным аудан әкімдігіне ұсынылады және онда ұсынылушының тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, айы, жылы, білімі туралы, жұмыс орны мен атқаратын қызметі туралы мәліметтер, саладағы және тиісті ұйымдағы сәйкес кәсібі немесе лауазымы бойынша жалпы еңбек стажы, еңбек жолы мен жетістіктері туралы, наградтары мен құрметті атақтары туралы мәліметтер көрсетіледі.

6. Құрмет грамотасымен наградтау жөніндегі (тиісті ұйым басшысының қолы қойылып, мөрі басылған) ұсынымдарды еңбек, шығармашылық ұжымдары, аудандық өкілді және атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер атынан олардың басшылары енгізеді және дұрыс енгізілген мәліметтер үшін жеке жауапкершілікте болады.

7. Құрмет грамотасымен наградтау туралы өз кандидатураларын өз бетімен ұсынған азаматтардан келіп түскен материалдар қаралмайды.

8. Құрмет грамотасымен наградтау бойынша келіп түскен құжаттар алдын ала қарау және наградтау жөнінде ұсыныс әзірленуі үшін наградтау жөніндегі аудан әкімі жанындағы комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) жіберіледі.

Комиссияның оң қорытындысына сәйкес аудан әкімі мен аудандық мәслихат хатшысының (немесе олардың міндеттерін атқарушының) бірлескен өкімі арқылы Құрмет грамотасымен наградтау туралы шешім қабылданады.

Шұғыл жағдайларда аудан әкімі мен аудандық мәслихат хатшысы Құрмет грамотасымен наградтау туралы шешімді Комиссияның қорытындысыз да қабылдай алады.

9. Құрмет грамотасын тапсыру салтанатты түрде жүргізіледі. Құрмет грамотасын аудан әкімі немесе аудандық мәслихат хатшысы немесе олардың тапсырысы бойынша

өзге тұлға тапсырады.

10. Құрмет грамотасымен наградтауға байланысты құжаттамалық және өзге де қамтамасыз ету шаралары мен наградталған тұлғалардың есебін "Сырдария ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК